

### Әдебиеттер:

1. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыров. \ Социалистік Қазақстан. 1940 жыл. – 21май.
2. Кенжебаев Б. Адаққан өмір. \ Социалистік Қазақстан\ \ №158, август, 1945 жыл.
3. Ысмайылов Е. Қазақ халқының сүйікті ақыны. \ Социалистік Қазақстан\ \ №224, 31 октябрь, 1943 ж.
4. Ысмайылов Е. Қазақ халқының аса көрнекті ақыны.\ Қазақстанская правда\ \ октябрь. 1943ж.
5. Ысмайылов Е. Қазақ совет әдебиеті (X класс оқу кітабы). Қазмембб. 1946ж.
6. Торайғыров Ш. Сұлтанмахмұт.\ Қызыл ту. – 1945. – 8 июнь.
7. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалптасу тарихы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 530 бет.
8. Мұқанов С. Сұлтанмахмұт Торайғыров. \ Культура и жизнь. – №19, 10 июль, 1947 ж.
9. Еспенбетов А.С. Уақыт өрнегі. – Алматы: Інжу – маржан, 2005.- 515 б.
10. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы.\ Социалистік Қазақстан. – 1945ж. – тамыз №158.
11. Торайғыров С.Екі томдық шығармалар жинағы \ Құраст: З.Ахметов, Д.Әбілов,, М.Жармұхамедов, А.Еспенбетов, С.Қирабаев, Б.Мамыраев, Ш.Сәтбаева. – Алматы: Ғылым, 1993. Т.1. – 1993. – 280 б.
12. Сарсеков Ж. Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері\ \ Қазақстанская правда. – 1946. – №185. – 15 сентябрь.
13. Бекхожин Қ. Буржуазияшыл – ұлтшылдардың адвокаттары\ \ Қазақстанская правда. – 1946. – №212. – 28 октябрь.
14. Кенжебаев Б.Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі. Алматы. Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеті. 1968 ж.58 б.
15. ЕргөбекҚ. Арыстар мен ағыстар: Әдебиеттану, сын әлемі. – Алматы. «Қазығұрт», 2003. – 336бет. – Отырар іктапханасы.

### **АҚЫНДАРДЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН КӨРІКТЕЙТІН МЕТАФОРАЛЫҚ ТІРКЕСТЕР**

#### **Нурсеитова А.А.**

*Қазақстан, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

«Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі», – дейді академик З.Ахметов [1, 140]. Метафора туралы ғалымдар айтқан пікірлер көп-ақ.

Метафора – поэзияның ерекше көркемдік құралы. Ол туралы ғалым Серік Негимов: «Ауыстырудың екі түрлі қызметі бар: ол бір жағынан, көркем сөзге айналдырудың амалы болса, екінші жағынан, белгілі заттар мен құбылыстар атауларының орнына жүреді. Және де мұның өзі адамзаттың ойлау жүйесінің терең өзгерістеріне, қыртыс-қабаттарына байланысты. Ауыстырудың шығуы, пайда болуы, дамуы, ойлау мен тілге тән. Тілдің икемділіктерінің артуы, өрісінің кеңеюі – ауыстыру тәсілінің көркейіп, кемелденуіне айрықша әсер етеді. Әрі бұл поэзиялық тәсіл дүниені ойлаудың, іс-қимыл, әрекеттердің барлық саласында бесаспап құрал болып есептеледі. Асылы, ауыстыру адам танымына иек артатын бұлдыр, екі ұшты ұғымдардың негізінде туындайды [2, 29 ]. Бұдан шығатын қорытынды, ауыстыру дегеніміз поэзияда бейнелі сурет, көркем ойлауды әрлендіру жолы деуге болады. Метафора өлең өрнегі ретінде өлең жолдарына ерекше шырай береді. өзге троп түрлеріне қарағанда метафора поэзия тілінде кеңінен қолданылады. Ақын метафоралары оның лирикалық шығармаларының, бүкіл поэзиясының, асқақ ақындығының айнасы, жалындаған сезім мен шалқар шабыттың көрсеткіші. Метафораның (ауыс мағыналы не әсірелеу мағынасындағы сөздің) ең көп қолданылатын жері – публицистикалық стиль мен әсіресе көркем әдебиет стилі. Сөздің метафоралық мағынасы шешендік сарындағы өсиет өлеңдерден, мақал-мәтелден, айтыс жырлардан, қиссалардан, жұмбақ пен жаңылтпаштардан, ауыз әдебиетінің өзге де үлгілерінен кездеседі. Бірақ осылардың ішінде өте-мөте көркем әдебиет стилінде жиі және әр тарап түрде келіп отырады [3,82].

Метафора біткеннің бәрі бірдей жалпылық сипат алып кете бермейді. Өйткені, ол сөздің тура (лексикалық) мағынасымен және қандай стиль түріне бейім, соған байланысты. Де-

мек, кей сөздің метафоралық мағынасы белгілі бір стильде контекстік ғана болып келеді, яғни белгілі бір ғана аяда көрінеді. Мұндай контекстік метафора көбінесе көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильден байқалады. Ол әр автордың өзіндік сөз қолдану шеберлігімен байланысты мәселе. Себебі, метафора түрінде келген ондай сөз белгілі бір контексте бірақ рет қана ұшырасады да, басқа жерде қайтып қолданылмайды. Жалпы тілдік аяда кездеспейді. Сөздің метафоралық мағынасы стильдік құбылыс дегенде, әсіресе оның осы контекстік мағынасы негізге алынады. Контекстік метафора сөздің жалпы халықтық ауыс мағынасынан бөлек тұрған нәрсе емес. Р.А.Будагов атап көрсеткендей, көркем әдебиет стиліне тән контекстік ауыс мағына жалпы халықтық ауыс мағынадан келіп шығады [3, 84].

Метафоралар, яғни ауыс мағыналы не әсірелеу мәнінде алынатын сөздер көбіне-көп көркем әдебиет стилінде қолданылғанмен, ара-тұра өзге стиль түрлерінде де кездеседі. Мысалы, олар публицистикалық стильде де бірқатар жерде жұмсалады. Әдеби шығармалардағы метафора мен публицистикалық, саяси еңбектердегі метафора стильдік қызметі жағынан өз ара бірдей болып келе бермейді. Себебі, көркем әдебиет стилінде жалпы халықтық сипаттағы метафоралармен қоса, контекстік те метафора қолданылады. Публицистикалық стильде негізінен жалпы халықтық сипаттағы метафора жиі пайдаланылады. Ал публицистикалық стильде контекстік метафора оқта-текте ғана ұшыраса [3,88].

Ал, қарастырып отырған шығармашылық иелерінің поэзия тіліне келетін болсақ, салыстыру мен құбылту, қиыннан қиыстырып жанастыру арқылы пайда болатын сөз өрнегі Шәкәрім өлеңдерінде мейлінше көркемдік сипат алады. Шәкәрімде *дүние қу, ағын- су, шөп болу, ағу, сандалу* секілді тіркестер астарлы мағынада берілген [4, 54]. Бұлардың алуан түрлі семантикалық реңктері бар. Метафоралық тіркестер бейнелеп суреттеуге деген шеберлікті аңғартады. Айтайын деген ойдың әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де құбылту тәсілі керек. «Құбылту – сөздердің тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті ойдың өңін айналдырып айту» – дейді академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде [30, 41]. *Мен бір – тілсіз көлікпін, текпілеме, өлікпін* [4, 89] мұндағы *көлікпін, өлікпін* метафоралары жіктік жалғауының І жақ формасында жасалған. Ақынның бұл жердегі айтайын деген ойы, адамдардан шеттеу, жалғыздық, қоғамнан аулақтау. *Тілсіз көлікпін, өлікпін* метафораларының адамның ішкі психологиялық дағдарыстарын көрсетуде ықпалы зор. *Басында жас бала едің, сен, Періштедей таза едің, сен* [4, 197]. *Еді, едім, едің* көмекші етістіктер арқылы жасалып тұрған метафоралар. *Жан өзің, берген сыйың* [4, 107], *анау – шыным, мынау – сырым* [4, 168], *қағазым – жолдасым, қаламым – сырласым* [4, 171] тәуелдік жалғаулары арқылы жасалып тұр. Бұлар бір-біріне баланып тұрған екі сөзге, сөйлемге біткен түс беріп, олардың метафоралық мәнін толықтыруда ерекше орын алады және ауыз әдебиетінде болсын, жазба әдебиетінде болсын бұл метафоралардың көп кездесетін түрі.

Метафоралардың ендігі бір ешбір жалғаусыз, жұрнақсыз бір нәрсені екінші бір нәрсеге балау арқылы жасалатын түрі Шәкәрім Құдайбердиевте көптеп кездеседі. *Сөзі – адам, өзі – құс* [4, 55], *ішің – у, сыртыңды майла, сөзі – жан,әні – тән* [4, 209], *жаны – сөз, тәні – ақша* [4, 212], *тілім – бұлбұл, сөзің – бұлақ, жүзі – сиқыр, шашы – тұзақ* [4, 212]. Аталған құбылту, сөз ауыстырулар Ш.Құдайбердиевтің идеялық мақсатын айқындап, суреткерлік шеберлігін арттыра түседі. «Жарымды жаным сүйеді, сүйе алмай тәнім күйеді» деп аталатын өлеңіндегі жар суреті эстетикалық талғаммен, суретті сипаттаулармен бейнелей отырып, сөз өлшемімен ұйқасып сұрыптап, нақты да нақышты ете түседі. «Міндеу мен күндеу» өлеңіндегі *алдыңғылар мен артқылар (кейінгілер), пәленшенің сөзі, әркім, жақсының сөзі, ақылды көп жан өткен, солардың бар сөзі* деген ұғымдар жинақы қасиет, типтік образдар тудырады.

Алдыңғының соқпағын *артқы түзер,*

Ғылым деген нәрсе емес *күдер үзер.*

Мінін алып, міндіге мінсіз қосып,

Бұрынғыны жаңартып *жастар түзер,* – деген [4, 66] шумақтан көрінеді. Мұндағы соқпақ жол – жұртшылықтың, халықтың ғасырлық жолы. Ауыспалы мағынада қолданылып,

тарихтың, алдыңғы ата-бабалардың соқпағын білдіретін метафора. Ақын осы метафоралық (*алдыңғының соқпағы*) тіркес арқылы тұтасқан көркем сурет жасайды. Осы өлеңдегі *жаралы жүрек*, *қираған сүйек* тіркестері ақынның жүрек дертін, зар-мұңын айқындайды. *Жанған жүрек*, *жасайнаған жүрек* [4, 174], *ақ жүрек* [4, 97], *дертті жүрек* [4, 91] секілді тіркестер бар. Ақын жүрегі метафора арқылы сипатталған шаршаған, дерттенген, айла, алдағыштарға сенген, алданған жүрек, *өткен өмір – өкініш*, *ой – жаралы*, дерті қалың делбемін тесік өкпе [4, 96]. Бұл жерде *делбе* сөзі – *тентек*, *жынды* деген мағынада қолданылған (негізінде жұқпалы мал ауруы – делбе деп аталады) [ҚТФС 150]. Осы кезге дейін *жаралы жүрек* туралы айтып келсек те, *ой жаралы* болуын алғаш айтқан Ш.Құдайбердиев *ойы* бастапқы мағынасынан терең, мүлде тың мазмұнға ие болып тұрғандығын көреміз. Ақынның «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмасындағы мына бір метафоралық қолданысқа көңіл аударсақ. Қолында өгей аға қорлық көріп,

Қыздарға *жетімдіктің батты сызы* [4, 313].

Самсы мен Барғанға қор қылам деп

Әкетпек балдызымыз *асық нұрын* [4, 319].

Бір қарап баласына, кемпіріне

Көзінің айтып болмас *аққан селін* [4, 324].

Осы «*сызы*», «*асық нұры*», «*селін*», сынды метафоралар шығарманың әрбір жолына жан бітіріп, поэзиялық соны суреттер жасайды. *Жетімдіктің сызы* – поэма кейіпкерлері Айсұлу мен Күнсұлудың ауыр жағдайын сипаттап тұр. Ақын Нартайлақтың ғашық жары Айсұлуды асық нұрға теңеп, балап, махаббатына өзгеше ажар берген. *Аққан сел* метафорасын қолдана отырып ақын Айсұлудың аққан жасын селге балап, қайғы-қасіретін ұлғайтып, қазақи мәдениет пен сананың ұлттық бірлігімен нақыштап тұр. Ұлттық дүние бейнесінде жастықтың мазмұнына кіретін балалықтың да өз «құсы» болатынын баламаларды ақын өлеңдерінен де байқаймыз:

Ұядан *ұшқан үйрек* бізді алдайды,

Далбырап, қанат қирап жатқандайын [4,62].

Ұядан *жаңа шыққан қаз едім ғой*,

Ұға алмай бағанадан наз едім ғой [4, 357].

Осы мысалдардығы *ұядан ұшқан үйрек*, *ұядан жаңа шыққан қаз* тіркестеріндегі құс образының балалықты, жастықты бейнелейтін метафоралық қолданыс екенін көреміз.

Ш.Құдайбердиевтегі метафоралық құрылымның бір үлгісі: *тән – терезе*, *ой қожасы*, *тән – терезе*, *жан иесі*, *жан – қожса*, *тән – жанның құлы*, *ғылымның атасы – таза ақыл*, *сөз – құдайдан шыққан бу* секілді құбылтулар суреттелініп отырған тән мен жанның мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдету, әсерін күшейту үшін қолданылған. Енді бірде: *Сырты – сау*, *іші – науқас* елдің дені, Алдап айтқан ақын көп, тіл шешені, – деген [4, 163] тармақтардағы құбылту тәсілдері де осы әсірелеу, сөз қисынын табу, қоғамдық дертті бейнелеу үшін алынған. Сыртқа біртұтас көрінгенмен өз-өзімен алысқан, ішкі саясаттың құлы, бірін-бірі жұлып жеген би-болыстар бейнесі осы *сау* және *науқас* сөзінің аясына сыйып кеткендей. Ақынның өзі өмір сүрген ортаға деген көзқарасы мен наразылығы *сау* және *науқас* сөзінің астарында жатыр. Өз заманынан озып туған ойшыл екендігі, шешен екендігі, қайшылығы көп, шиеленісі мол қоғамда өмір сүргендігінің бірден-бір дәлелі де осы. М.Дулатов тіліндегі көп кездесетін көріктеу құралдың бірі – метафора (балау), олардың жекелік түрлері. Ақын өлеңдері мен роман, пьесса, әңгімелерінде қазақ танымындағы дәстүрлі ұқсатулар (ассоциациялар) мол орын алған. Метафоралық қолданыс сөз қолданушының; айырым танымының сол тілдегі мінезін жан-жақты бейнелейді. М.Дулатов поэзиясында метафоралық қолданыстар аз болғанымен, өзіндік өрнегімен сол кездегі алдыңғы түр, жаңашылдық деңгейде болғанын байқаймыз. Міржақып Дулатов метафораларында өзін айқындықта көрсету орнына, бәсең солғын, басқаша айтқанда "қарапайым" көрсету кеңінен орын алады. Бұл да ақынның өзіндік табиғи қарапайымдылығының көрсеткіші болса керек. Мысалы,

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емесін жемісі көп тамаша ағаш.,  
Мен дағы жылағанның бірі екенмін,  
Қайғырып соларды ойлап жүр екенмін.[5, 94].

М.Дулатов метафорасында жан-жануар, ағаш, тұрмыстық-салт лексика да кездесіп отырады: Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш; Алғырдан *туған сұңқарым*; Іле алмай *сұңқар* қу маңғаз, Тұғырға құзғын қонып тұр; *Есекке арғымақты* қосақтасаң, өтпей ме ғұмыр зайыр бекер деген; Қу ілген *қыран бүркіт* біз боламыз. Сондай-ақ, М.Дулатовтың өлеңдеріндегі *ғашықтық концептісі* шегінде байқалатын өлеңдерде қызды "құсқа", оның ішінде "аққуға" балайды. Метафора әлемді танудың үлгісі, сондықтан ауысулардың жаңа түрлері Абай үлгісімен жасалғандай көрінеді. М.Дулатовтың тілдік шеберлігіне әсер етуші фактордың бірі – орыс поэзиясынан алған мол білімі екені байқалады. Сол себепті, кейде орыс сөздері де метафоралық қолданыстардың мүшесі ретінде қолданылады.

*Сырты – алтын, іші – фальші* болып шығып,  
Сан соғып, құрбыларым, өкінбелік! [5, 58].

немесе

Магниті сұлу қыздың күшті емес пе,  
Жігітті көңіл сүйген қайтып тартпас... [5,60]

М.Дулатовтың жастық шағы, орталық Ресейден, қазақ даласына ағылған қоныстанушылар кезеңіне тап келді. Қарашепкенділердің әрекеттері халқымыздың уайым саясатын «күнбағыстың қара бұлтына» балайды. Осы мысалдан да метафоралық қолданысты байқай аламыз.

Қаптап тұр *күнбағыстың қара бұлты*,  
Адасып сәуле көрмей қазақ жұрты. [5, 95].

М.Дулатов поэзиясында өзін-өзі айқындау орын алған. Ол өзін «ағашқа, тұлпарға, міс-кінге» баласа, жігітті «қыран бүркітке», «қырғи құсқа», «аспаһани қылышқа» балағанын байқай аламыз.

Қу ілген *қыран бүркіт* біз боламыз.  
Теңіріп жүрме, құрбым, тұрымтайға. [5, 148]

Төмендегі мына бір мысалдан ақынның көздегені жағымсыз кейіпкер яғни «Бақытсыз Жамал» романындағы әдейілеп алдын-ала Жамалды сүріндірмекші болып сақадай-сай дайындалып келген ауыл жігіттерінің Жамалдың күйеуін «жапалаққа, есекке» балауы арқылы астарлап жағымсыз кейіпкер бейнесін шебер жеткізгенін көреміз.

*Есекке арғымақты* қосақтасаң,  
Өтпей ме ғұмыр зайығы бекер деген. [5, 148]  
*Жапалақ бадырақ* көз босқа қалып,  
*Қырғи құс түлкіні* алып құлпырмас па? [5, 159]

Міржақып өлеңдеріндегі метафоралық қолданыстың ерекшелігі жан-жануар лексикасына пайдаланғанында байқаймыз. Жоғарыдағы есек, жапалақ, метафоралары жағымсыз кейіпкерді бейнелесе, ал қырғи құс метафорасы бұған керісінше жігерлі жас жігітті яғни жағымды кейіпкерді бейнелеп тұр. Осы метафоралар контекст арқылы бірінің стильдік сырын бірі аша түскен.

Ақын, әуелі алла, екінші білгір халық қолдап, қазақ халқын қатардан қалдырмай, халқымыздың жетістіктерге жетуі білімділердің қолында дей келіп, оқығандарды «жау жүрек, қыран көзді арыстанға», балайды.

*Жау жүрек, қыран көзді арыстаным*,  
Жан қыйып халық үшін қарысқаның. [5, 39]

Осы үзіндіде ақын халықтың оқыған, білімді сауаттыларын *жау жүрек, қыран көзді* метафоралармен беріп өлеңнің мағынасын көріктей бере түскен. М.Дулатов – қазақ айқын мақсатсыз әрі-сәрі күйге түсті-дейді Мұндай қыспақтауға тірелудің үлкен бір себебін ақын халықтың қараңғылығынан табады. Халықтың қараңғылық, сауатсыздығын ақын «тұманға

балайды». Тығырықтан бірден бір шығар жол – жас буынды оқытып көзін ашу деп түсініп, ақын зиялы қауымды нақты іске шақыра отырып, оған өзі бас болып кіріседі. Мысалы:

*Тұманға кірді қалың, біздің қазақ,  
Арты жар, алды тұйық бұл не ғажап* [5, 3].

Бұл арада ақын сауатсыздықты «тұманға» балап жалпы халықтық сипаттағы метафора ретінде қолданылған деуге болады. Көркем шығарма кеңістігіндегі байлық–кедейлік концептілері шеңберінде қолданылатын зоонимдік метафоралар тілдік нормаға сәйкес келгендіктен ұлттық қауымдастық өкілдерінің әрбіріне таныс та түсінікті бола қоймай, оны жасаушы автордың, яғни тілдік жеке тұлғаның танымы мен санасынан да мағлұмат береді. Мысалы:

*Жылқыдағы қос күрең,  
Жылқышыға алдыршы,  
Жыламай, тоқым салдыршы* [5,57].

Осындағы *қос күрең, тоқым салдыршы* бірліктерінен байлық концептісінің ұлт дүниетанымында ең алдымен төрт түлікпен, оның ішінде жылқы малымен байланыстырылғанын байқаймыз. Бұл метафоралардың қолданысында абстракт ұғым, яғни, байлықтың мөлшері жанды нәрсемен, нақтырақ айтсақ, жылқымен салыстырып тұр. Ал аталған концепті бейнесінің білдіретін лексикалық бірліктерінің қазіргі дүние бейнесіндегі орнының өзгергендігін еске түсіру бейнесінің бір орында қатып қалған нәрсе емес керісінше, үнемі өзгеру, даму үстінде болатын құбылыс екендігін дәлелдейді. Себебі, қазіргі байлық өлшемі жылқы емес екендігі мәлім.

Ш.Құдайбердиев, М.Дулатовтар, қазақ әдебиетінде өмірді бейнелі суреттеу арқылы елжұртқа, кейінгі ұрпаққа қош иісі аңқыған керемет метафоралы поэзия сыйлағанына жоғарыда келтірілген мысалдары дәлел. В.Телияның айтуына қарағанда, тілдік метафораның мағынасы талдау мен салыстырулар негізінде тек семасиологиялық аспектіде қарастырылып келгендіктен, метафораның теориясы әлі нақтыланбай келеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973, 212-бет.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілік-көркемдік жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 199 б.
3. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манаспаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: «Дәуір» 2005.
4. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары (өлеңдер, дастандар, қара сөздер). Алматы: Жазушы. 1988, 360бет.
5. Дулатұлы М. Шығармалары. Алматы 1996. – 30 б.

#### *Summary*

*The article presents metaphoric word combinations in the linguistic aspect.*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ**

### **Сарманова Ф.Т.**

*Қазақстан, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Бүгінгі уақытта қазақ тілін білу – заман талабы екені әр адам қазір өте жақсы түсінеді. Қазіргі ақпарат ғасырында студентке меңгерілуі тиісті оқу материалының көлемі орасан зор.

Грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында студенттердің ойлау қабілеті дамып, оқу-тәрбие үрдісінде жүзеге асырылады. Әр студент берілген грамматикалық тақырыпты жақсы меңгерсе, жеке іскерліктер мен дағдылар, ойлауға үйрену, берілген тапсырмаларды дұрыс жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мысалы, септіктерді оқыту – студенттердің күнделікті өмірде дұрыс қолдана білуге үйрету. Қазақ тілінде берілген теориялық білімді практикалық жұмыстармен ұштастырып оты-